«Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» ММ-нің 2026 жылғы қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларына, Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің «сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» өкіміне сәйкес 2026 жылғы 17 қыркүйек №77-ө.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі 2026 жылдың қаңтарынан қыркүйек айына дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Мемелекеттік мекеме қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2. Мемелекет мекемесінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Құқықтық актілерді немесе ішкі құжаттарды әзірлеу мен қабылдауда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, оларға «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» ММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

ММ өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ Қарағанды қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 27 қаңтардағы №05/71 қаулысымен бекітілген мемлекеттік мекеме туралы ережені, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңдарын және басқа да нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша ММ лауазымды адамдарының өз қалауы бойынша шешім қабылдауына ықпал ететін, жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруы кезінде кедергілер жасауға ықпал ететін ережелер, нормативтік құқықтық актілерді еркін түсіндіруге мүмкіндік беретін құқықтық олқылықтар анықталған жоқ. Дискрециялық өкілеттіктер мен нормалардың болуы анықталған жоқ.

2. Кадр қызметінің жұмысын зерделеу.

Аудан әкімінің аппараты «Б» корпусының бос немесе уақытша бос әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс өткізуге өкілеттігі жоқ.

Конкурстық рәсімдерді ұйымдастыруды және өткізуді «Қарағанды қаласы әкімінің аппараты» ММ бірыңғай кадр қызметі жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметшілердің штаттық саны - 28 адам, нақты саны - 25 адам (4-бос жұмыс орны, 2-уақытша бос жұмыс орны), шарт бойынша 26 қызметкер.

Кадрлардың ауысуын талдау көрсеткіші бойынша, қызметкерлердің жұмыстан босатудың негізгі себептері мынадай негіздер болды: тараптардың келісімі бойынша және қызметкердің бастамасы бойынша.

Жұмыс тобының талдау жүргізуі барысында «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті» РММ мемлекеттік қызметшілердің және оларға теңестірілген тұлғалардың Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 11-15-баптарының талаптарын сақтауы тұрғысынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізгені анықталды.

Жүргізілген мониторинг барысында Базарбаев К.Е. 2025 жылғы 28 мамырда «Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімі аппараты» ММ-на мемлекеттік қызметке қабылданғаны және абаттандыру бөлімінің бас маманы лауазымына тағайындалғаны анықталды.

Бұл ретте Қ.Е. Базарбаевтың атына 2023 жылғы 6 қаңтарынан бастап жеке кәсіпкерлік тіркелгені анықталды. Сонымен қатар, жеке кәсіпкерлік қызметінен түсетін кірістер 2024 жылдың желтоқсан айынан бастап тоқтатылды.

Анықталған жағдай бойынша Базарбаев К.Е. жеке кәсіпкерлік қызметін тоқтату немесе оны сенімді басқаруға беру жөнінде заңнамада көзделген шараларды қабылдамаған.

Аталған жағдайлар мемлекеттік органның кадр қызметі тарапынан мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада белгіленген шектеулерді сақтауына қатысты бақылаудың жеткіліксіз жүзеге асырылмағанын, сондай-ақ белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстарын ұйымдастырудың тиісінше атқарылмағанын көрсетеді.

Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан аудан әкімінің 2026 жылғы 19 маусымдағы № 49-к «Тәртіптік жаза қолдану туралы» өкімі бойынша абаттандыру бөлімінің бас маманы Е.К. Базарбаевқа жеке кәсіпкерлік қызметін тоқтату немесе оны сенімді басқаруға беру жөнінде шаралар қолданбағаны үшін «сөгіс» түрінде тәртіптік жаза қолданылды.

Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан аудан әкімінің 2026 жылғы 22 маусымдағы № 50-к «Тәртіптік жаза қолдану туралы» өкімі бойынша ұйымдастыру және кадр жұмысының маманы А.Р. Мусағалиеваға мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада көзделген шектеулерді сақтауына қатысты бақылаудың жеткіліксіз жүзеге асырылғаны, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстарын тиісінше ұйымдастырып, жүргізбегені үшін «ескерту» түрінде тәртіптік жаза қолданылды.

Осылайша, мемлекеттік қызметшілердің тіркелген кәсіпкерлік субъектілерінің болуы мүдделер қайшылығының туындауына, кәсіпкерлік қызметтен табыс алу, сондай-ақ лауазымдық өкілеттіктерін жеке мүдделер үшін пайдалану мүмкіндігімен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындатады, бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада белгіленген шектеулердің сақталмауына әкеп соғуы мүмкін.

Сонымен қатар, кінәлі тұлғаларға қатысты қабылданған тәртіптік сипаттағы шаралар мемлекеттік органның анықталған бұзушылықтарға әрекет еткенін білдіреді. Осыған ұқсас фактілерге жол бермеу мақсатында мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада белгіленген шектеулерді сақтауына тиісті бақылауды қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтар мемлекеттік қызметке кірген кезде және оны өту кезеңінде түсіндіру жұмыстарын күшейту қажет.

3. Мүдделер қайшылығын реттеу

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында мүдделер қайшылығынан туындаған фактілер, сондай-ақ оның алдын алу және реттеу бойынша талаптардың бұзылуы анықталған жоқ.

Қызметкерлердің мүдделер қайшылығы туындағаны туралы хабарламау, жеке мүдделік болған жағдайда шешімдер қабылдауға қатысты жағдайлар, сондай-ақ осы салада сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін өзге де мән-жайлар белгіленген жоқ.

Жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың және жақын жекжаттардың бірлесіп жұмыс істеу фактілері анықталған жоқ.

Қарастырылып отырған бағыт бойынша жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтаған жоқ.

4. Мемлекеттік қызметтер көрсету және рұқсат беру функцияларын орындау жөнінде қызметтерін зерттеу.

Абаттандыру бөлімі «Жасыл екпелерді бұзуға және кесуге рұқсат беру» мемлекеттік қызметін көрсетеді. Қаңтар және қыркүйек айлары кезеңінде 2 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде: 1 рұқсат берілді, 1 негізделген бас тарту жасалды.

Әлеуметтік сала бөлімі 2 мемлекеттік қызмет көрсетеді:

1. «Әскерге шақыруды кейінге қалдыруды»;
2. «Әскерге шақырудан босатуды ».

2026 жылғы 1 наурыз бен 16 қыркүйек аралығында әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру бойынша мемлекеттік қызметтерді алуға 44 өтінім түсті, оның ішінде 44-і өңделді; азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату бойынша 3 өтінім түсті.

Талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында коррупциялық тәуекелдер анықталған жоқ. Сонымен қатар «Жасыл екпелерді бұзуға және кесуге рұқсат беру» мемлекеттік қызметін көрсету мерзімінің бұзылғандығы анықталды. Қарағанды қаласы Әлихан

Бөкейхан ауданы әкімінің 2026 жылғы 19 маусымдағы № 49-к «Тәртіптік жаза қолдану туралы» өкімі абаттандыру бөлімінің бас маманы К.Е.Базарбаевқа жүктелген міндеттерді тиісінше орындалмағанын, атап айтқанда мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің бұзылуынан туындаған тәртіптік теріс қылық үшін «сөгіс» түрінде тәртіптік жаза қолданылды.

Осыған байланысты мемлекеттік қызметтерді көрсетудің белгіленген мерзімдерінің сақталуына және өтініштердің уақтылы қаралуына бақылауды күшейту қажет.

5. Мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

«Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің аппараты» ММ ағымдағы жылы мынадай мемлекеттік сатып алулар жүргізілді:

1.Ашық конкурс тәсілімен-66;

2.Баға ұсыныстарын сұрау алу тәсілімен-14;

3.Электрондық дүкен-50.

4.Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша сатып алу-6;

5.Өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден-12;

6.Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден-14;

Барлық мемлекеттік сатып алулар электрондық тәсілмен өткізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу шеңберінде жұмыс тобы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және жүзеге асыруды, соның ішінде сатып алуды жоспарлау, мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жасасу және орындау, сондай-ақ жасасылған шарттардың шарттарына өзгерістер енгізу мәселелерін қарастырды.

Қарағанды облысы бойынша Тексеру комиссиясы жүргізген мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша 2023 жыл кезеңі үшін мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға қосымша келісімдерді негізсіз жасасу, орындалған жұмыстардың көлемі мен құнын асыра бағалау, сондай-ақ белгіленген 5% нормативтің орнына 8% мөлшерінде жоғарылатылған сметалық пайданы қолдану фактілері белгіленді, бұл орындалатын жұмыстардың құнының артуына әкеп соқты.

Көрсетілген фактілер қосымша келісімдер жасасу арқылы жасалған шарттардың бастапқы талаптарын негізсіз өзгерту мүмкіндігіне, сондай-ақ орындалатын жұмыстардың көлемі мен құнын негізсіз ұлғайтуға байланысты Мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды орындау кезеңінде сыбайлас жемқорлық тәуекелінің бар екендігін куәландырады.

Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлық тәуекелі жеткілікті құқықтық және құжаттамалық негіздемесіз шарттардың талаптарына өзгерістер енгізу туралы шешімдер қабылдауда көрінуі мүмкін, бұл жұмыстардың көлемі мен құнын негізсіз арттыруға, мерзімдерді немесе міндеттемелерді орындаудың басқа да маңызды шарттарын өзгертуге әлеуетті түрде жағдай жасайды.

Мұндай тәуекелдің болуы қосымша келісімдер жасасудың негізділігіне, орындалған жұмыстардың нақты көлеміне, олардың құнына, енгізілетін

өзгерістердің Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың талаптарына және бастапқыда жасалған шарттардың талаптарына сәйкестігіне тиісті бақылау қажеттілігіне де байланысты.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелін барынша азайту мақсатында қосымша келісімдерді дайындау мен жасасуға, сондай-ақ орындалған жұмыстарды қабылдауға ішкі бақылауды күшейту, соның ішінде шарттарға өзгерістер енгізу негіздеріне құқықтық және құжаттамалық бағалау жүргізу, орындалған жұмыстардың нақты көлемі мен құнын, ұсынылатын өзгерістердің заңнама талаптарына сәйкестігін тексеру және әрбір қосымша келісімді жасасудың қажеттілігі мен негізділігін құжаттамалық түрде растау қажет.

Атап айтқанда, салалық бөлімдер басшыларының лауазымдық нұсқаулықтарында жетекшілік ететін бюджеттік бағдарламалар бойынша шарттардың орындалуын, мердігер ұйымдардың жұмыстарды орындау мерзімдері мен сапасын бақылау, сондай-ақ іске асырылатын бағдарламалар бойынша орындалған жұмыстардың актілеріне қол қоя отырып, орындалған жұмыстарды қабылдау жөніндегі міндеттер көзделген.

Осыған байланысты аудан әкімінің салалық бөлімдерге жетекшілік ететін орынбасарлары жауапты тұлғалардың лауазымдық нұсқаулықтарында көзделген міндеттерді ескере отырып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың орындалуы, шарттардың шарттарына өзгерістер енгізудің негізділігі, орындалған жұмыстардың көлемі мен құнының шынайылығы, сондай-ақ орындалған жұмыстардың тиісті түрде қабылдануы бөлігінде жетекшілік ететін бөлімдердің қызметіне бақылауды күшейтуі қажет.

Осылайша, мемлекеттік сатып алу саласындағы талдау нәтижелері бойынша қосымша келісімдерді негізсіз жасасумен, орындалған жұмыстардың көлемі мен құнын асыра бағалаумен, сондай-ақ белгіленген 5% нормативтің орнына 8% мөлшерінде жоғарылатылған сметалық пайданы қолданумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелі белгіленді, бұл жұмыстардың құнын және бюджет қаражатын жұмсауды негізсіз арттыруға жағдай жасайды. Бұл мән-жайлар Қарағанды облысы бойынша Тексеру комиссиясы жүргізген мемлекеттік аудит барысында анықталды.

6. Бақылау-қадағалау функцияларын іске асыру жөніндегі қызметті зерттеу.

Аудан әкімі аппараты бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырмайды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша ұсынылады:

1.Бекітілген міндеттерді жүзеге асыруды және шешімдер қабылдауды тек Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізу;

2.Мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға қосымша келісімдерді негізсіз жасасуға жол бермеу;

3.Нақты қажеттілік пен қолда бар қаржылық қаражатты ескере отырып, жұмыстардың көлемі мен түрлерін сапалы жоспарлауды қамтамасыз ету;

4.Жұмыстардың көлемін, түрлерін және оларға қойылатын талаптарды айқын белгілей отырып, техникалық ерекшеліктерді және басқа да сатып алу құжаттамасын тиісті түрде дайындауды қамтамасыз ету;

5.Жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға өзгерістер енгізудің негізділігіне, тиісті растаушы құжаттардың болуына және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарының сақталуына бақылауды күшейту;

6.Тиісті құқықтық және құжаттамалық негіздеме болмаған жағдайда шарттар талаптарына өзгерістер енгізу жағдайларын болдырмау;

7.Мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жоспарлау, жасасу және орындау кезінде мемлекеттік сатып алу саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;

8.Бюджет қаражатының негізсіз жұмсалуына жол бермеу;

9.Мемлекеттік қызметтер көрсетудің белгіленген мерзімдерінің сақталуына және келіп түскен өтініштердің уақтылы қаралуына бақылауды күшейту. Өтініштерді қарауды және шешімдер қабылдауды негізсіз кешіктіруді болдырмау;

10.Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада белгіленген шектеулерді сақтауына, соның ішінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру бөлігінде кадр қызметі тарапынан бақылауды күшейту.

Аудан әкімі аппаратының
басшысы (жұмыс тобының төрағасы) **В. Храпов**

Мемлекеттік-құқықтық
бөлім басшысының м.а.
(жұмыс тобының хатшысы) **М. Булкумбекова**

<u>Жұмыс тобының мүшелері:</u>

Ұйымдастыру және кадр
жұмысы бөлімінің басшысы **А. Мусагалиева**

Экономика бөлімінің басшысы,
қаржы және бюджеттік жоспарлау **А. Каскатаева**